



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 8 қазан

2018 жылғы 28 қыркүйектен 5 қазан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

2018 жылғы 5 қазандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 2,9%-ға әлсіреп (363,07 -ден), 373,71 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 28 қыркүйектен 5 қазан аралығында маңызды оқиғалар ФРЖ өкілдерінің экономикалық тұрақтылық және монетарлық саясатқа қатысты түсініктемелері, АҚШ-тың өндірістік емес секторындағы белсенділік индексінің рекордтық өсуі мен халықтың жұмыспен жоғары дәрежеде қамтылуы бойынша экономикалық деректерді жария ету, АҚШ-тың мемлекеттік облигациялары кірістілігінің ұлғаюы аясында инвесторлардың тәуекел тәбетінің өзгеруі болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының әлемдік нарықтарда нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка рэнді** дамушы елдер экономикасының тұрақсыз конъюнктурасы кезеңінде инфляцияның жоғары шегінен ықтимал асып түсуі туралы орталық банк Төрағасының орынбасары Даниэл Мминеленің мәлімдеуінің шеңберінде 4,5%-ға (14,14-тен 14,77-ге дейін) әлсіреді;

- **Индонезия рупиясы** шетелдік капиталдың кетуіне байланысты валюта бағамының одан әрі әлсіреуінен қорғау мақсатында Орталық Банктің жүргізіп жатқан өктемдігіне қарамастан, 1,9%-ға (14 903-тен 15 183-ке дейін) әлсіреді;

- **Үндістан рупиясы** талдаушылардың негізгі мөлшерлеменің 0,25%-ға өсуі болжамы кезінде орталық банктің оны сақтау туралы шешімі аясында 1,8%-ға (72,49 –дан 73,77-ге дейін) әлсіреді. Мұнай бағасының жоғары болуы валюта бағамына қысым көрсетуде, себебі Үндістан энергия қорларын нетто импорттаушы болып табылады;

- **Ресей рублі** Ұлыбританияның СІМ басшысы Джереми Ханттің Ресей тарапынан Химиялық қару-жараққа тыйым салу ұйымына хакерлік шабуыл жасау әрекеті туралы мәлімдемесінің аясында 1,6%-ға (65,56-дан 66,60-қа дейін) әлсіреді. Сондай-ақ, РФ Қаржы министрлігінің ФБО-ні орналастыру бойынша болып өткен аукционда инвесторлар тарапынан сұраныстың төмен болуы атап өтіледі. Инвесторлар бұрынғыдай Ресейдің

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды


² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

мемлекеттік борыштарымен операцияларға АҚШ тарапынан жаңа санкциялардың енгізілуіне қауіптенуде;



- **Түрік лирасы** Fitch рейтингтік агенттігінің 20 Түркия банкі мен еншілес ұйымдардың шетел валютасымен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерін төмендетуі, сондай-ақ қыркүйекте инфляцияның 24,5%-ға өсуі (жылдан жылға) аясында 1,2%-ға (6,06-дан 6,13-ке дейін) әлсіреді. Қаржы министрі Берак Албайрак үкімет инфляцияның өсуін тежеу үшін жаңа шаралар қарастырып жатқаны жөнінде мәлімдеді;

- **Мексика песосы** монетарлық саясаттың ықтимал қатаңдауы туралы түсініктемелерге қарамастан, реттеушінің базалық мөлшерлемені 7,75%-дық деңгейде сақтау туралы шешімі аясында 0,5%-ға (18,72-ден 18,82-ге дейін) әлсіреді;

- **Бразилия реалы** Бразилия президенті сайлауының бірінші турының қарсаңында қоғамдық пікір сауалнамасының нәтижелерін жариялау аясында 5,2%-ға (4,05-тен 3,84-ке дейін) нығайды. Бірінші турдағы дауыстарды алдын ала санау бойынша ең көп дауысты Әлеуметтік - либералдық тобынан кандидат Жаир Болсонару жинады. Инвесторлардың басым бөлігі басқа қатысушыларға қарағанда оның кандидатурасына басымдық беріп отыр.



Дамушы елдер валютасының серпіні (21 қыркүйек 2018=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:
 +7 (727) 704 585
 e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz